

## Мәртөк ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 348 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 21 қарашада № 6481 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529 бабының 6 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мәртөк ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Мәртөк аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Мәртөк ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Мәртөк ауданы әкімінің орынбасары И. Еспағанбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Е. Кенжеханұлы

КЕЛІСІЛДІ:

"Мәртөк ауданы бойынша мемлекеттік

кірістер басқармасы" республикалық

мемлекеттік мекемесінің басшысы

" " \_\_\_\_\_ 2019 жыл

А. Ешимов

Мәртөк ауданы әкімдігінің

2019 жылғы 19 қарашадағы

№ 348 қаулысына қосымша

## Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 14.10.2024 № 188 қаулысымен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
Мәртөк ауданы		
Мәртөк ауылдық округі		

1	Мәртөк ауылы	2,05
2	Құмсай ауылы	1,75
3	Қазан ауылы	1,95
4	Жаңатаң ауылы	1,35
Аққұдық ауылдық округі		
5	Достық ауылы	1,85
6	Вознесеновка ауылы	1,85
7	Первомай ауылы	1,45
8	Жаңажол ауылы	1,45
9	Қарабұлақ ауылы	1,45
Байнассай ауылдық округі		
10	Ақмоласай ауылы	1,4
11	Байнассай ауылы	1,75
Байторысай ауылдық округі		
12	Байторысай ауылы	1,85
13	Дмитриевка ауылы	1,6
14	Покровка ауылы	1,45
15	Полтавка ауылы	1,75
Қарашай ауылдық округі		
16	Қаратаусай ауылы	1,85
17	Аққайың ауылы	1,65
Қаратоғай ауылдық округі		
18	Қаратоғай ауылы	1,85
Қызылжар ауылдық округі		
19	Қызылжар ауылы	1,65
20	Бөрте ауылы	1,75
21	Шевченко ауылы	1,75
Құрмансай ауылдық округі		
22	Құрмансай ауылы	1,75
23	Егіз ата ауылы	1,6
24	Шаңды ауылы	1,35
Тәңірберген ауылдық округі		
25	Саржансай ауылы	2,05
26	Кенсахара ауылы	1,95
Родников ауылдық округі		
27	Родников ауылы	2,05
Хазірет ауылдық округі		
28	Хазірет ауылы	1,75
29	Жездібай ауылы	1,25
Сарыжар ауылдық округі		
30	Сарыжар ауылы	2,05
Жайсаң ауылдық округі		

31	Жайсаң ауылы	2,05
32	Көкпекті ауылы	1,35

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК